

Бұл ғалымдардың ішінде түрік тіліндегі өсімдік атауларын кеңінен зерттеген, осы тақырыпқа байланысты докторлық диссертация қорғаған Ф. Алқайышты атауға болады. Ғалым өз еңбегінде жазба әдебиеттерде кездесетін түрікше өсімдік атауларын жинастырып, сөздік ретінде көрсеткен. Түрік тіліндегі өсімдік атауларының түрлі деректерде әр түрлі мағынада қолданылып жүргендіктен олардың барлығын жинастырып, ішінен ең тиімдісін және мағынасы жақын нұсқаларын береді. Ф.Алқайыштың еңбегінде түрік тіліндегі өсімдік атауларының жасалу жолдары, олардың қандай тілден енгені, атау беру барысында өсімдіктің қандай ерекшеліктеріне аса көп мән берілгендігін ашып көрсетеді [5, 43 б].

Түрік тіліндегі өсімдік атауларын жан-жақты терең зерттеген тағы бір ғалым Т. Байтоп. Автор түрік тіліндегі өсімдік атауларын зерттеу барысында көптеген еңбектер жазып шықты. Осы тақырып аясында жүргізген маңызды зерттеулерінің бірі «Түрікше өсімдік атауларының сөздігі» атты еңбегі. Бұл еңбекте автор түрік тілінде кездесетін өсімдік атауларын толық қамтуға тырысқан [6, 39 б].

Алайда бұл еңбекте де түрік тіліндегі өсімдік атаулары толық қамтылмаған. Оған себеп, Түркияда ғалымдар күніге жаңа өсімдік түрін шығарады екен. Ол өсімдіктердің көпшілігі ғылымда кең қолданысқа ие латын тілінде аталып жатса да, түрікше аталып жатқандары да жоқ емес.

Қорытындылай келе, екі тілде де өсімдік атауларын тілдік тұрғыдан қарастырып, олардың лексикалық құрамын анықтау, морфологиялық құрылысын айқындау, семантикалық мағынасын ашу болашақтың еншісінде екені айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М. Бимағамбетов өзінің «Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері» – Алматы 1958.
2. Ө. Қисықовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өсімдік атауларының берілуі жөнінде» – Алматы 1963.
3. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы «Ғылым», 1988. – 159б.
4. Г.Ұйықбаева «Өсімдіктердің халықтық атаулары» Филол. ғыл. кандидаты дис. автореф. – Алматы:1983– 56 б.
5. Fatih Alkayış. Türkiye Türkçesindeki bitki adları, Türk dili ve edebiyatı anabilim dalı. Doktora tezi. Kayseri 2007.
6. Turhan Baytop. Türkçe bitki adları sözlüğü. Ankara 1994.

УДК 81.81

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Спатаева Еркежан Серікболқызы

Erkejan_96_96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі –Қосыбаев М.М.

Түркі халқының дүниетанымы көшпелі салтқа негізделген. Түркілер тіліндегі саналуан атаулар әскери және көшпелі салттың негізінде қалыптасқан. Түркілерде белгілі бір атау кейде нақты атаумен шектеліп жатса, кейде дүниетанымдық, кейде ауыспалы мағынада қолданылады. Осыған байланысты белгілі бір тілдегі немесе тілдер тобындағы туыстық атауларды зерттеу қиындықтары да бар. Және де лексика-семантикалық топтағы басты туыстық қатынастарды бейнелейтін атаулар әрбір тілдегі негізгі сөздік қорға кіреді. Туыстық қатынастар атаулары – әрбір этностың даму барысында пайда болған. Туыстық мәселелерін

ең алдымен этнографиялық тұрғыдан алып қарасак, түркі тілдеріндегі туыстық атаулардың ойдан шығарылмағандығы тексере аламыз. Екіншіден, түркі тіліндегі атаулардың нақты жүйесін анықтап, ортақтықтары мен айырмашылықтарын айқындаймыз. Сол себепті де, М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішіндегі кейбір туыстық атаулардың лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтай кетеміз.

«Кісі», «адам» атауы М. Қашқаридың еңбегінде бір мағынада жұмсалады. «*Kişi alası içtin yılkı alası taştın* - Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында» [1, 376.], «*Yuaş kişi* - жуас кісі» [1, 906.]. Сөздікте «Адам, кісі» ұғымының орнына «*er*» атауымен берілген мысалдар көп кезігеді: «*er talim talmirdi* - адам ұзақ телмірді» [1, 1886.], «*er özün karğandı* - адам өзінен қарғанды», «*er tauarın kiskandı*, адам бұлын қызғанды» [1,1896.], «*varlıklı er* - Бай адам, қолында бар адам» [1,916.]. Екіншіден "*Er*" атауы - тура ер, азамат ұғымын білдіреді. «*Er ağırlandı* - ер құрметтелді», «*eragaç ırgadı* - ер ағашты ырғады, *er igladı* - ер жылады, *er işqa ogardı* - ер жұмысқа оралды» [1, 1436.].

Адамзат мәдениетінің ортақ бір арнадан жалпы кеңістікке таралғаны туралы археологиялық және антропологиялық зерттеулердің көптеп ашылуы тілдің шығу төркіні мен қалыптасу құбылыстарын да тереңдетті. Ежелгі Акад, Шумер мәдениеті, кейінгі талай таласқа негіз болған Маялар өркениеті де осы бастаулардың түп тамыры екенін меңзеп берді. Мұндай тілдік құбылыстарды алғаш байқағандардың бірі Олжас Сүлейменов. О.Сүлейменов атаулық төркінді ежелгі таңбалардан іздейді. «Сондықтан ежелгі қытай жазу түрлерінде әртүрлі мәндегі бір графема нұсқалары кездеседі: адам, қарапайым халық, шаруа және қарама-қарсы қабаттасу: әйел.

gon - күйеу. *gen* > *zhen* - адам, қарапайым халық (еж.қыт) Бұл белгілер, өз ойымша, ежелгі Жерорта теңізінен әкелінген. Салыстырыңыз: **gon** - бұрыш; **gen** - тек(гр.). Басқа жазу мәдениеттерінде, ежелгі түріктен бастайық: *an(un* > *un, ung)* *eg(eng)* Орхондық және енисейлік таңбалардағы жіңішке әріп нұсқасы:

Б.э.д 1 мыңжылдықтағы қытай жазбаларында - *zhen* - адам (*gen*) пайда болды» [2,2156.]. Адамзаттың тілдік мәдениетіндегі генетикалық қатынастар тым күрделі. Оған әлемдік жер түзілісі, дүниеінің қалыптасуы, әр-алуан халықтық қоныс аударулар мен жер үшін жасалған қанды қақтығыстар да әсер етті. Бір халықтың бір өлкеден екінші аймаққа жаппай ығысуы тілдің генетикалық таралуына орасан ықпал етті. О.Сүлейменовтың зерттеуі соған меңзейді. Ал ұлы даладағы көшпелілердің тілдік мәдениеті ықпалдастыққа түскенімен көшпелі салтқа байланысты табиғи қалыптасу сипатына да ие болды. "Күлтегін мәтінінде" де «*kişi*» ұғымы - адам атауы орнында қолданылғанын байқаймыз: «*Kişi oğlynda uze esum arat bumyn qagan, istemi qagan olurmıs* - Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған [таққа] отырған» [3,1866.]. Туыстық атау төркіні *адам, кісі* ұғымынан кейін ата-баба қалпына ауысады. Түріктер ата-бабаларын ерекше ардақ тұтты. Ол өткенмен бүгіннің сабақтастығын, таралу тегін ұмытпаудың белгісі боп саналды. Тастағы мәтіндердегі ата-баба атауы мен бүгінгі тіл қолданысымыздағы атаудың фонетикалық жағынан да, дүниетанымдық жағынан да ешқандай өзгеріске ұшырамай жеткенін байқалады. «Ата-бабам Бұмын қаған, Істемі қаған [таққа] отырған» немесе «*Suby anca temis. Turuk bodun jooq bolmazun tijin, boldun bolcun tijin qanym ilteris qayany, ogim İbilge qatuny tenri topesinde tutyp jugeru koturmıs erinc*». Суы былай депті: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» [3,1866.]. Ата-баба, әке-ана атауы туыстық қатынастың бастауында тұр, бұл ежелгі бабалар танымынан қалған. Атаулардың тууы күрделі тілдік, мифологиялық, діндік қатынастарымен тығыз байланысты. Исламдағы «Хауа-ана мен Адам ата», Христан дінінде «Құдай-әке *Atum*(еж. Гр), Мифологияда «Құдіретті егіздер» ұғымы бұның мысалы. *Ана, мама* - баланың туған анасы, шешесі. *Ана* деп қазақ туған шешесін атаған («Ана тілі»). Ұлы Отан соғысынан кейінгі ұрпақ шешесін *мама* деп атап кетті [4,356.].

Туыстық атаулардың түп төркінін тереңдетуіңуға М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» мүмкіндік береді. Мысалы: «*Ана* - ана, *Іні* - жасы кіші ұл. *Ата* - ата, әке». Ал оғыз тілінде ана - *aba* делінеді. М.Қашқари *aba* сөзіне «Бұл сөз оларда арабшадан сіңген болса

керек. Өйткені, олар Иеменнен түрк жұртына қашып келіп, тұрып қалған бір кісіден тарағандар» (Түбіт тілінде) деген анықтама береді [1,Т.1,116б.]. *Aba* лексемасы қазақ тілінде негізгі тұлғалық мағынасында қолданылса, сібір түркі яғни хакас, алтай тілдерінде «аға», ал татар, башқұрт, қырғыз тілдерінде «көке» мағыналарында қолданылады [5,306б.]. Түркімендер - арадейді. Ал қырғыз тілінде *baba* тек ата-баба тіркесінде кездеседі. Түркі тілдес халықтар тіліндегі туыстық атауларда кейбір фонетикалық өзгерістер болмаса, негізінен бірдей болып келеді. Және кейбір өзгерістерден атаулардың дыбыстық даму, жасалу кезеңін аңғарамыз. Мысалы: «-*daş*» біргелік, жақындықты білдіретін қосымша. Бір қарыннан шыққан екі баланы «*қарындаш*» - «*қарындас*» деп айту осыған байланысты. Емшекті *эмук* дейді, бір емшекті емген баланы *emikteş* «*емшекмес*» деп атайды. Бір-бір жұрттық екі адамды *yerdaş* дейді. Жақын, туыс адамды *kardaş* дейді. Мұнда ыдыс мағынасында -*qa* түбіріне -*daş* қосымшасы қосылып, бір ыдыстас (қарындас) мағынасын аңғартады [1,104б.]. Мұндағы «-*daş*» қазақ тіліндегі «-*дас*». Қазақ тілінде тек қосымша ғана емес зат есім тудырушы міндетін де атқарады. «Қарындас, сарындас, жолдас, анттас, одақдас, ауылдас т.б». Бұл бүгінгі Түрік, Әзербайжан, Татар тілдерінде «*kardeş, kardaş*» түрінде қолданылады. Туыстық атаудағы мұндай біркелкілікті қырғыздың «манас» дастанынан да көруге болады:

« Арыстан Манас барғанда,
Атасын көрген баладай
Жылағанын қарашы!
" кәне, Манас, кәне! " деп,
Сасқан жерін қарашы!
Қара қалмақ, манжудың
Несқара, Жолай бас болып
Қашқан жерін қарашы!
Келін болып иіліп,
Қыжылдаған қалмақтың

Шулағанын қарашы![6,133б.]. Мұндағы **Ата, бала, келін** атаулары қазақ-қырғыз тілдеріне бірдей болғанымен ертедегі қолданылысында өзгешеліктер болған көрінеді. **Бала, ұл** атауы ертеде «*oğlan, oğul*» түрінде қолданылып келген: «*Tökdi: Oğlan suv tökdi* - ұл су төкті. *Kuturdu: Oğlan қутурды* - Бала құтырды. *Tuqdu: Күн туғды* - күн туды. *Оғул туғды* - Ұл туды» [1,187б.]. **Оғул** атауы XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында көрінеді. Әсіресе кіші жүз қазақтары арасында ноғайлының тілдік әсері бар ақын-жыраулар шығармаларында "**Оғул (ұғыл)**" көбірек қолданылады. Қоры аса бай қазақ тілінде айрықша батырлықты, жүректілікті білдіретін жас ноян, азаматтарды «*оғылан*» дейді. Бұл сол **Оғул** атауының сирек қолданысқа түсіп қалуынан белгілі мағыналық ерекшелікпен шектелген көрінеді.

Қазіргі қазақ ауыз екі тілінде анайы мағына беретін "**қатын**" атауы бұрын мүлде басқаша мағына жүктеген. «*Hatun* - қатын, ханым, Афрасияптың қыздарының құрметті есімдері» [1,184б.]. Қашқари сөздігінде «Афрасияп қыздарының құрметті есімдері» - дейді. Алайда бұл Қарахани кезеңнен кейінгі Осман империясының соңғы ширегіне дейін сарай маңындағы әйел атаулының аса құрметті лауазымын білдіріп келді. Сонымен бірге туыстық атау қызметін де атқарды. Ал **әйел** сөзі байырғы түркілерде басқаша аталады. «*Бэзәнді: Урағут бэзәнді* - Қатын безенді. Бірінші, аталған сөздің иесі мағынасында. Мысалы, *урағут бегләнді* - әйел күйеуге тиді, бекті болды. *Ер аны қызланды* - ер оны қыз етіп алды, қызды болды» [1,128б.]. Байқағанымыздай, Орта ғасырдағы түркілер әйелді «**урағут**» деп атайды. Сөздікте осы сияқты бүгінгі тілдік нормада жоқ тосын атаулар ұшырасады. «*Тон* - әйелдің тұңғыш ұлы [1,171б.]. *Бош* - күйеуінен ажыраған әйел, тұл» [1,151б.]. Қазіргі қазақ тілінде тұңғышты - *тұмса*, ажырасқан әйелді - *жесір* дейді. Қалған туыстық атауларда ішінара дыбыстық өзгерістер ғана байқалады: «**Үазнә** - апасының күйеуі, жезде» [1,191б.]. Қазақ тілінде - *Жезде*. Өзге түркі халықтарының кейбірінде осыған орайлас қолданылады. «**Балдыз** - әйелінің сіңілісі. Күйеуінің қарындасы. *Сіңіл* - *Сіңілім* деп атайды» [1,185б.]. Осындағы

"**Сіңілі**" атауы «Күлтегін жазуында» осы қалпы кездеседі: *«bars beg erti. Qagan at bunda biz birtimiz. Sinilim quin-cuju birtimiz. Ozi janyldy, qagany olti* - Барыс [олпаға] бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім - хан қызын бердік. Өзі жаңылды. Қағаны өлді» [3,187б.]. Біз бұдан тілдің генетикалық төркінін өзгеріссіз, табиғи жеткенін аңғарамыз. Қашқари заманынан бес ғасыр бұрынғы бұндай тілдік атау тілдің төркіндік, тектік қатынасын анық дәлелдейді. **Келін** атауы – «*кәлін*» түрінде қолданылады. «*Кіләнчукеліндә* - Құпияның барлығы келінде немесе Келіннің барлығы құпия». Өйткені, жас келін жақсысының барлығын күйеуіне сақтайды, - деп нәсихаттайды бұл мақал. *Йуфшліг кәлін кузәг яфаиш болур* - жасауы мол келіннің күйеуі жуас болар» [1,60б.]. Атаудағы мағыналық ерекшеліктер отбасылық, қауымдық қарым-қатынас негіздерін байырғыдай білдіреді.

Түркілердің туыстық атауында ерекшеленетін үлкен өзгешелік тек Қазақта ғана қатаң, толық сақталып келген рулық жүйе. Жеті аталық қатынас. Бұл туыстық қатынаста түркілерден өзгеріссіз еншілеген қазақтың бірден-бір айрықша қасиеті. Осы жеті аталық туыстық қатынасқа байланысты қаншама атаулар, тіпті әр түрде, әр түрлі вариантта қолданысқа енген. «Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып жалғаса береді. Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі» [Уикипедия]. Қазақтың рулық жүйесі туыстық қатынастың күрделі, жақындығын білдіреді. Бір ғана ауызша шежіре арқылы тұтас ата тегін ғасырлар бойы жадқа сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп, отыру. Түптеп келгенде, далалық, көшпенділік тұрмыстың қажеттілігінен туғандай көрінеді. Үздіксіз төрт мезгіл қуалап, жұрт жаңғырту көшпелілерге қалайда өзгеше мәдени үрдістер қалыптастыруға мәжбүр етті. Ұлттық этнографияның білгірі ғалым А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде рулық жүйенің қыр-сыры тереңдетіле талданған. Осыған орай ұлттық тіл мен мәдениеттің қалыптасуына дейінгі тұтас түркілерге ортақ туыстық атаулардың түпкі сипаты мен лингвистикалық құрылымы, мағыналық мәні үлкен зерттеуді қажет етеді деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қашқари Махмуд: «Түркі тілінің сөздігі»(Диуани луғат ит-турк) - Алматы, «Ана тілі», 1993.- 192бет.
2. Сүлейменов.О «Таңбалар тілі» - Алматы, «Олжас кітапханасы», 2014.
3. Жолдасбеков М, Сартқожаұлы Қ. «Орхон ескерткіштерінің толық атласы». - Астана: Күлтегін, 2007. - 360б.
4. «Синонимдер сөздігі» - Алматы, 2001ж.
5. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. / от. ред. Тенишев Э.Р. – М.: Наука, 1997.– 506с.
6. Келімбетов Н., Қанафин Ә. «Түркі халықтары әдебиеті» - Алматы, «Рауан», 1996, 256 бет.

УДК 81.81-13

ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОРТАҚ ТӨРТ ТҮЛІК ҚАЗЫНАСЫ

Сұлтан Айдана Ардакқызы

aydanasultana@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУхалықаралық қатынастар факультеті, түркітану мамандығының
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.М. Қосыбаев

Қазақ халқында “*Төрт түліктің*” *анықтамасы*- түйе, жылқы, қой, сиыр малын қосып төрт түлік деп атайды. Түйе мен жылқы, қой мен сиыр, Төрт түлік малды құрадың. Байбөрі